

## Сандықтау ауданының Веселов ауылдық округінің Веселое ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Ақмола облысы Сандықтау ауданы Веселов ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 6 маусымдағы № 3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 маусымда № 4229 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабының 7)-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сандықтау аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының міндетін атқарушының 2014 жылғы 03 маусымдағы № 417 ұсынысы негізінде Веселов ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. «Бруцеллез» ауруының анықталуына байланысты Сандықтау ауданының Веселов ауылдық округінің Веселое ауылы аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Веселов ауылдық округінің әкімі*

*Т.Іскендіров*